

Көшеге атау беру туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Пресноредуть ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 27 шілдедегі № 10 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 29 шілдеде № 28959 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Пресноредуть ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып және облыстық ономастика комиссиясының 2022 жылғы 1 наурыздағы қорытындысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Пресноредуть ауылдық округі Пресноредуть ауылының атауы жоқ көшесіне Виктор Грязнов атауы берілсін

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Пресноредуть ауылдық округінің әкімі

Б. Каиров